

Р.Д. Досжан¹, Т.Б. Жумадилова^{1*}, Л.А. Куанова¹¹әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
Алматы қ., 050040, Қазақстан Республикасы
*e-mail: zhumadilova_tolkyn@mail.ru

БАНК ЖҮЙЕСІНІҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ТАЛДАУЫ

Андатпа.

Экономикада банк жүйесінің тұрақты дамуы бойынша мәселе өткен ғасырлардан бері өзекті болып келеді. Қазіргі таңда қаржы-экономикалық қатынастардың дамуы банк жүйесінде инновациялық технологиялардың қолданылуы, клиенттерге қызмет көрсету формаларының, әдістерінің, банкті басқарудың тәсілдері мен терең трансформациялық үрдістермен қатар жүргізілуде. Коммерциялық банктердің, несие ұйымдарының тұрақты дамуындағы теориялық және әдістемелік сұрақтар, банк менеджментінің ішкі құрылымдық байланысын ұйымдастыру, банктердің қызмет етуінің стратегиялық басымдықтарын айқындау заманауи экономикалық ғылымның өзекті және жетекші тақырыптарының бірі болып табылады.

Шетелдік және отандық зерттеушілер банктердің тұрақты дамуы бойынша түрлі түсініктерді анықтап, олардың мәнін ашып көрсеткен. Соған сәйкес тұрақты банкинг ұғымы бойынша түрлі дереккөздердегі әдебиеттер ағынын түсіну және оларды жіктеу қажеттілігін туындатады.

Мақалада жинақталған әдебиеттерді библиографиялық әдіс (R-package Bibliometrix) арқылы Scopus деректер базасындағы 2018-2023 жылдар аралығындағы 577 мақала іріктеліп алынды. Алынған нәтижелер банк жүйесінің тұрақты дамуындағы әдебиеттердің уақыт ағынымен даму эволюциясын және түрлі категориялар бойынша жіктелімін көрсетуге мүмкіндік береді. Әдебиеттік шолу нәтижесі тұрақты банкинг бойынша зерттеу бағыты мен деңгейін, қарастырылым бойынша интегративті құрылымды қалыптастырады. Соның негізінде банк жүйесінің тұрақты дамуындағы әдебиеттердің зерттеу аясын анықтай отырып, зерттеулердегі кемшіл тұстарды да айқындайды.

Негізгі сөздер: банктердің тұрақты дамуы, R-package Bibliometrix, жасыл қаржы, тұрақты банкинг, тұрақты даму мақсаттары, жасыл банкинг, библиометриялық талдау.

Кіріспе.

Қазіргі таңда экономиканы декарбонизациялау мақсатында қаржылық ресурстармен белсенді жұмыс жасайтын қаржылық ұйымдар экологиялық мәселелерді шешу арқылы тұрақты дамуға қол жеткізуді көздейді. Қаржы ағындарын басқару, интеграциялау және қаржылық және экономикалық жүйелердің жаһандануы жағдайында банк секторының алатын орны орасан зор. Соған байланысты уақыт ағынымен «тұрақты банк» ұғымы пайда бола бастады. Жасыл экономикаға көшу тұжырымдамасы барысында қоршаған ортаны қорғаудың инновациялық құралын қозғаушы механизмі ретінде банктер белсенді қатысады. Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу үшін қаржылық қолдаудың басымдылығын айқындау тетіктерін әзірлеу қажеттілігі туындайды.

Зерттеу мақсаты – «тұрақты дамушы» банк ұғымының пайда болуымен байланысты ғылыми еңбектерге шолу жасай отырып, әртүрлі критерийлер бойынша топтастырып, әдебиет көздерін интеграцияланған жүйеге келтіру.

Зерттеу міндеті – банк секторының тұрақты даму жағдайына бейімделуіне қатысты Scopus деректер базасында жазылған ғылыми еңбектерге әдеби шолу негізінде талдау жүргізу.

Зерттеу барысында «Тұрақты банк» ұғымына осыған дейін Scopus дерекқорына енгізілген әдебиеттерді тереңдей түсіну және жүйелеу мақсатында талдау әдісі ретінде R-package Bibliometrix әдісі қолданылды.

Әдісті қолдануда библиометрия саласындағы әдебиеттерді Clarivate Analytics' Web of Science, Dimensions, SCOPUS, TheLens, PubMed және Cochrane дерекқорларынан сандық

зерттеуге мүмкіндік беретін құралдар жиыны – Biblioshiny бағдарламалық пакеті қолданылды [1].

Әдістің ерекшелігі тақырыпқа қатысты әдебиеттердің статистикасымен қоса дәйексөздерді сандық талдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, зерттеліп отырған тақырыпқа қатысты әдебиеттердің тығыздығы мен ортақтығын көрсететін тақырыптық карта алуға болады.

Әдебиеттерге шолу. Банк жүйесі тұрақты даму мақсаттарына жету барысында қаржылық ресурстарды шоғырландыра алатын бірегей делдалдық рөлімен ерекшеленеді [2], [3]. Мысалы жасыл жобаларға ресурстарды ұсыну, жауапты инвестициялар қорын бөлу мен басқару арқылы Тұрақты даму мақсаттарын қаржыландырады. Сол арқылы экономиканың тұрақты дамуына мүмкіндік жасайды [4], [5].

Үір және Воскен еңбектерінде «Тұрақты банк» ұғымы адамдардың қажеттіліктерін қанағаттандыратын және қоршаған ортаны қорғай отырып, табыс алуды көздейтін қаржылық өнімдер мен қызметтерді ұсыну деп көрсеткен [5].

Тұрақты даму бағытындағы банктердің мәнін ашу үшін түрлі әдебиет көздерінен бір-біріне мағынасы бойынша жақын ұғымдар қарастырылады. Мысалы, Jeuken еңбегінде тұрақты банк жүйесі термині [6] деп келтірсе, Birindelli San – Jose және банктердің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігімен байланыстырса [7], [8], Bahl эко-банкінг және Bouma еңбектерінде «жасыл» банкінг [9], [10] сияқты ұқсас ұғымдармен сипатталғанымен, барлығының түпкі мағынасы қоршаған ортаны қорғау саласында банктердің рөлін ашуға тіреледі. Бұл өз кезегінде экономиканың тұрақты дамуында ерекше орын алатындықтан айрықша зерттеу қажеттілігін туындатады.

Abor және Ahmad еңбектерінде дамушы нарықтардың банк ісінің тұрақты дамуы саласындағы зерттеулер мен даму бағыттары қарастырылған. Сонымен қатар авторлар үш еселі пайда тұжырымдамасын тұрақты банк ісіне қолданысқа енгізу мәселелері мен үш еселі пайда теориясының негізгі ережелерімен өзара байланысын талқылаған. Тұрақты банк жүйесі инвестиция құю мен банк бизнесінде экологиялық тұрақтылық пен әлеуметтік жауапкершілікке басым көңіл бөлумен сипатталады [11].

Markus зерттеуінде «тұрақты банк» ұғымының осыған дейінгі зерттеулер шеңберінде тұжырымдамалық сипаттамалары мен анықтамалары қарастырыла келе, банктің тұрақты дамуын бизнес стратегиялардың экологиялық және әлеуметтік аспектілерін жүзеге асыру мен тұрақты таңбалануы бар өнімді ұсынумен байланыстырады [12].

Dhanakoti өз еңбегінде Үндістандағы тұрақты дамуды қаржыландырудың маңыздылығын банк секторында экологиялық таза инвестициялармен түсіндіреді [13].

Martin зерттеуі бойынша, бүкіләлемдік банк тобының тұрақты дамуды қаржыландыру саласында қосқан үлесі айрықша. Климаттық қаржыландыру мен экологиялық, әлеуметтік кепілдіктерге ерекше мән бере отырып, тұрақты дамуды қаржыландыру арқылы маңыздылығы арта түседі [14].

Manoj зерттеуінде банк қызметінің тұрақты дамуы тиімді банк тәжірибесі мен инновациялық бастамалардың негізінде қоршаған ортаның және қоғамның, экономиканың тұрақтылығына қол жеткізуге бағытталғандығы айтылады [15].

Yennu және өзге авторлардың зерттеуі бойынша, банктердің тұрақты дамуында тәуекелдерді басқару және қаржылық денсаулық сияқты ішкі факторлар, сондай-ақ заңнамалық ережелер мен макроэкономикалық жағдайлар сияқты сыртқы факторлар үлкен әсер етеді [16].

Zhu және Yang еңбектерінде үлкен деректерді талдау стратегиялары банктердің ішкі процестеріне, тұрақтылығына және қаржылық көрсеткіштеріне және Buallay экологиялық, әлеуметтік және басқару банктердің жұмысына айтарлықтай оң әсер ететінін анықтаған [17], [18].

Urmila және Niamh сынды авторлардың пайымдауынша, қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету банк секторына көбірек кіріс алуға көмектеседі, тұрақты қаржы экологиялық және әлеуметтік мәселелерді банктік, инвестициялық және сақтандыру салаларына біріктіреді, қаржы секторын экономиканы тұрақты дамуға жетелеу үшін пайдаланады [19], [20].

Банк секторындағы тұрақты даму интеграциясы тиімділікті арттыру, имиджді жақсарту және қоғамға оң әсер ету сияқты артықшылықтарды ұсынады. Ол ESG принциптерін қамтиды және ұзақ мерзімді тиімділік пен тәуекелдерді басқаруды жақсартып алады [21].

Guru, Sharal және Dhanush ғылыми еңбектерінде тұрақты даму алдыңғы табиғи ортаны шектен тыс пайдалануды көздейтін экономикалық дамуға жауап түрінде жаңа парадигма болып қалыптасты. Тұрақты даму экономиканы тиімді реттеу мен экономикалық құралдарды ұтымды пайдалану арқылы қолжетімді болмақ [22].

Банктер тұрақты дамуда «жасыл» банк өнімдері мен қызметтерін енгізу арқылы маңызды рөл атқарады. Бұл қызмет түрлеріне экологиялық менеджмент, экологиялық қаржыландыру және экологиялық өнімдер, сонымен қатар экологиялық ақпараттар мен есептіліктерді ашып беру кіреді. Жалпы алғанда тұрақты банк ісі қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды сақтау мен әлеуметтік-экономикалық дамуға қолдауға бағытталған [23].

Банктердің тұрақты дамуының өзекті болуы қазіргі таңда бар әдебиеттерді тереңдей шолу қажеттілігін көрсетеді. Себебі, осыған дейінгі банктердің тұрақты дамуының ауқымын толықтай көрсете алмайды, көпшілігі жалпы экономикалық тұрақты даму мен қорларды байланыстыра отырып шолу жасаған, алайда тұрақты банк ұғымының жүйелі талдауы келтірілмеген.

Agacil және өзге де авторлардың еңбектерінде банк жүйесіне Төртінші өнеркәсіптік революция мен Covid – 2019 пандемиясы сынды сыртқы сілкіністер айтарлықтай әсерін тигізіп, цифрлық және тұрақты банк трансформациясына жол ашты [24].


Банк секторының тұрақты дамуы үш жақты нәтижеге – адамдарға, ғаламшарға және табыстылыққа бағытталған іс шараларды қабылдаумен түсіндіріледі. Ол өзіне қоршаған орта мен қоғамға теріс әсерді барынша азайта отырып, экономикалық өсуге қол жеткізуге мүмкіндік беретін қағидалар мен тәжірибелерді жүргізетін саясатты жүзеге асыруды кіріктіреді.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

«Тұрақты банк» ұғымы бойынша әдебиеттерді жүйелеу мақсатында Scopus деректер базасында талдау қажетті сандық ақпараттар іріктеліп алынды.

R-package Bibliometrix әдісі – ғылым саласындағы зерттеулердің статистикалық санына R программалау тілімен зерттеу жасауды білдіреді. Бағдарламалық зерттеу әдісінің әзірлеушілері Италияның Неаполитан университетінен Массимо Ария и Коррадо Куккурулло болған.

Библиометрикалық талдауды (R-package Bibliometrix) пайдалана отырып, соңғы 5 жыл (2018-2023 жж.) аралығындағы Scopus деректер базасындағы әдебиеттерге жүйелі талдау жасалады. Талдау тұрақты банк ұғымына қатысты әдебиеттерге түрлі критерийлер арқылы іріктеле отырып, әдебиеттер картасы мен жүйелік байланысын анықтауға мүмкіндік береді. Зерттеу жүргізу бірнеше этапты қамтиды. Ең әуелі библиографиялық талдау жүргізу үшін негізгі кілт сөз ретінде «sustainable bank» - тұрақты банк ұғымы басты критерий ретінде алынды. Кілт сөзбен іздеу нәтижесінде Scopus деректер базасында басылымның түрлі типтерін – мақалалар, оқулықтар, шолулар, конференция тезистері және кітап тарауларын қамтитын жиыны 8484 ғылыми еңбек табылды (1 суретте көрсетілген).



Сурет 1 – Таңдаманы іріктеу кезеңдерінің сызбасы


Ескерту: R-package Bibliometrix библиометриялық талдау құралынан алынған мәліметтер негізінде құрастырылған

Әрі қарай, шыққан нәтиже бойынша алғашқы іріктеме критерийі – білім саласы бойынша «Business, Management and Accounting» және «Economics, Econometrics and Finance» білім салалары бойынша шектеу қою нәтижесінде 2568 ғылыми еңбек көрсетілді.

Соның ішінде Scopus дерекқорындағы кілт сөзбен байланысты еңбектер 1987 жылдан бастау алатындығын ескере отырып, жаһандық цифрландыру трансформациясы жағдайындағы банк саласындағы өзгерістер және ақпараттардың өзектілігін сақтау мақсатында іріктеме критерийіне уақыт өлшемі енгізілді. Ол бойынша 2018-2023 жылдар аралығымен шектелді, нәтиже 1447 жарияланымға дейін қысқарды.

Зерттеу жұмысының нақты бағыты «sustainable bank» кілтті сөзін «Business, Management and Accounting» және «Economics, Econometrics and Finance» білім салалары бойынша соңғы 5 жылдағы әдебиеттердің қолжетімділігін көру мақсатында «All open access» шектеу критерийін қолдану нәтижесінде 577 ғылыми еңбек іріктеліп алынды.

R-package Bibliometrix әдісі бойынша әдебиеттік талдау ғылыми еңбектердің дәйексөздер мен тақырыптың зерттелу аумағы арасындағы байланысты қарастыра отырып, сандық талдау жүргізуге мүмкіндік береді. «Тұрақты банк» термині бойынша зерттеу үшін іріктеліп алынған таңдамаға Scopus деректер базасының 2018-2023 жылдар аралығын қамтитын 577 ғылыми еңбек кіреді. Ғылыми еңбектердің басым бөлігін – 88,5% ғылыми мақалалар, қалған бөліктерін шолулар, кітаптар мен конференция материалдары, кітап бөлімдері қамтиды.




Сурет 2 – Ғылыми басылымдардың сипаттамалық статистикасы

Ескерту: R-package Bibliometrix библиометриялық талдау құралынан алынған мәліметтер негізінде құрастырылған

Нәтижелер мен талқылаулар. 2 суреттен көріп отырғанымыздай, Biblioshiny ақпараттық талдау базасынан алынған мәліметке сәйкес, ғылыми мақалалардың дәйексөз келтіру индексінің орташа көрсеткіші 7,151- ді құрайды және бұл тақырыпқа қатысты іріктелген топтамадағы мақалалардың өзекті әрі маңызды екенін көрсетеді.

Biblioshiny талдау нәтижесіне сәйкес, авторлардың халықаралық бірлестігінің, коллаборациясының көрсеткіші 25,13 % пайызды құрап, өз кезегінде авторлардың ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуде шетелдік авторлармен ортақ бағыт пен ортақ мәселеге деген қызығушылықты көрсетіп отыр.




Сурет 3 – Авторлардың мемлекеттеріне сәйкес мемлекет ішіндегі және мемлекетаралық коллаборациясы

Ескерту: R-package Bibliometrix библиометриялық талдау құралынан алынған мәліметтер негізінде құрастырылған

Сонымен қатар, авторлардың ел ішіндегі және шетелдік зерттеушілермен байланысын көрсететін Simple country publication (SCP) және Multiple country publication (MCP) көрсеткіштеріне сәйкес авторлық бірлесіп жұмыс істеудің үздік тобы ретінде 20 мемлекет көрсетілген (3 сурет).

3 суретте көрініп тұрғанындай, «sustainable banking» тақырыбындағы ғылыми еңбектердің көп бөлігін Ұлыбритания, Индонезия, АҚШ, Қытай, Үндістан сынды ТОП-5 мемлекет алып отыр. Мемлекет ішіндегі және мемлекетаралық коллаборациясы жоғары деңгейдегі елдерге Ұлыбритания, Қытай, Италия мемлекеттері кіреді.


Осы талдау нәтижесінде біз тұрақты банк бойынша әдебиеттерді ажырататын, білім құрылымы мен салалар арасындағы өзара байланыстарды сипаттайтын, осыған дейінгі зерттеулердегі қарастырылмаған тұстарын айқындауға мүмкіндік беретін модельді құрастыра аламыз.



Сурет 4– Шығарылым саны бойынша үздік дереккөздер

Ескерту: R-package Bibliometrix библиометриялық талдау құралынан алынған мәліметтер негізінде құрастырылған

4 суретте Bibliometrix R-пакетінің Biblioshiny құралының талдау нәтижесіне сәйкес, Бэрдфорд заңы[25] бойынша дереккөздері топтастырылып, таңдама бойынша кілтті сөзге қатысты ғылыми еңбектер саны бойынша 10 үздік дереккөз айқындалды. Іріктеліп алынған таңдаманы зерттеу барысында 2018-2023 жылдар аралығындағы 577 ғылыми еңбектің ішінде ең көп ғылыми еңбектер Banks and Bank systems журналында 17 ғылыми жұмыс жарияланған.




Сурет 5 – Дереккөздердің уақыт аралығында өзгерісі

Ескерту: R-package Bibliometrix библиометриялық талдау құралынан алынған мәліметтер негізінде құрастырылған

Сонымен қатар тақырыпқа сай ғылыми жұмыстар жарияланымы жоғары үздік дереккөздерге Economic Research-Economics Istraziavanja (15 ғылыми еңбек) International Journal of Energy Economics and policy (15 ғылыми еңбек) жатады. Жоғарыда көрсетілген 10 алдыңғы қатарлы журналда Scopus базасындағы банктердің тұрақты дамуын жан-жақты қарастыратын ғылыми еңбектердің 20 % жуығы қамтылған (5 сурет).

Төмендегі 6 суретте дәйексөздердің желілік бірігу графигі көрсетілген. Мұнда келтірілген негізгі кілтті дәйексөздер біз қарастырып отырған тақырыптың басқа тақырыптардағы дәйексөздермен қиылысуын сипаттайды. Зерттеулердің қиылысу нүктелерін анықтау үшін түйін сөздердің сәйкестігін талдау қажет болады. Талдау нәтижесінде көрініп тұрғандай, кілт сөздің жиілігі мен бір жиынтыққа орналасқан түйін сөздердің сәйкестік санын анықтау мүмкіндігін береді [26. – 52].

Ғылыми еңбектерді кілт сөз бойынша сәйкестік желілеріне топтастыру Лувеннің кластерлеу әдісіне сүйене отырып жасалған. Лувен кластерлерді анықтау алгоритмі – ауқымды желілердегі дәйексөздердің байланысының тығыздығын анықтауға мүмкіндік беретін әдіс [27].




Сурет 6 – Дәйексөздердің бірлескен желілері

Ескерту: Мәліметтер R-package Bibliometrix библиометриялық талдау құралынан алынған

Жоғарыдағы 6 суретте көрініп тұрғандай, бірлескен желілердің орталық кластері – «тұрақты даму» кластері орналасқан. Кластердегі шеңбер көлемі аталған дереккөзге жасалған сілтемелердің өлшеміне байланысты. Орталық кластер «тұрақты дамумен» байланысы жоғары кластерлер ретінде «тұрақтылық» және «банкинг» кластерлері қалыптасқан. Бұл өз кезегінде 2018-2023 жылдар аралығында ғылыми еңбектердің көп бөлігінде осы екі ұғым өзара тығыз байланыста қарастырылатынынан хабар береді.

Зерттеудің келесі кезеңінде зерттеу пәніне қарай тақырыптық карта құрастырылады. Ол Random walks (кездейсоқ бағыттар) әдісіне негізделген Walktrap кластерлеу алгоритмімен жүзеге асырылады. Ол бойынша кластерлер тығыздығы және ортақтығы сынды көрсеткіштермен екі өлшемді кеңістік осьтерінде орналасқан [28].

Бұл кластерлеу алгоритмінің мәні зерттеліп отырған тақырыпқа қатысты ұғымдарды топтастыру, яғни төрт бөлікте орналастыру. Соның нәтижесінде базалық тақырыптарға (Basic Themes), жаңадан пайда болып келе жатқан немесе өзектілігі төмендеген тақырыптар (Emerging or Declining Themes), тауашалық тақырыптар (Niche Themes) және маңызы жоғары тақырыптарға (Motor Themes) топтастырылады. (7 сурет) [26. – 53].




Сурет 7 – Зерттеудің тақырыптық картасы (Thematic map)

Ескерту: Мәліметтер R-package Bibliometrix библиометриялық талдау құралынан алынған

Суреттен байқағанымыздай, «тұрақты даму», «тұрақтылық», «тұрақты даму мақсаттары» және «банк, қаржы, қаржылық қызметтер» ұғымдарының оң жақ жоғары бұрышта орналасуы бұл тақырыптардың жақсы зерттеліп жатқандығын және осы зерттеу саласы бойынша маңызды екенін көрсетеді. Яғни бұл зерттеу тақырыптары мамандандудың орталық рөлін және жоғары тығыздығын сипаттайтын «моторлы» тақырыптары болып саналады.

Сонымен қатар, зерттеуде қарастырылып отырған кезеңде тақырыптық картаның бүкіл салалар үшін базалық тақырыптарға (Basic Themes) «экономика», «инвестициялар» және «экономикалық және әлеуметтік тиімділік» тақырыптары жетекші тақырыптар кластерінде орналасқан, яғни бұл тақырыптар банктердің тұрақты дамуы мәселесін зерттеудегі басқа тақырыптармен байланысы тығыз зерттеу бағыттары болып саналады. Зерттеудің басқа салаларымен салыстырмалы түрде әлсіз байланысымен сипатталатын тауашалық тақырыптарға (Niche Themes) «цифрландыру», «жеңілдіктер» жатады. Өз кезегінде, «экожүйелер» тақырыбындағы зерттеулер жаңадан пайда болып келе жатқан немесе өзектілігі төмендеген тақырыптар (Emerging or Declining Themes) кластерінде орналасқан. Ал, «шешім қабылдауға арналған жартылай құрылымды сұхбат» салаларындағы зерттеулер базалық және жетекші негізгі тақырыптар кластеріне ортақ орналасқан.

Банк саласының тұрақты дамуы мәселесін зерттеуде шетелдік зерттеушілермен қатар, Отандық зерттеушілердің ғылыми еңбектерінде де қарастырылады. Scopus базасы бойынша 2018-2023 жылдар аралығындағы ғылыми зерттеулер арасынан «Business, Management and Accounting» және «Economics, Econometrics and Finance» білім салалары бойынша іріктеменің тақырыппен өзара байланысты «Kazakhstan, Sustainable Development, Economic Growth, Sustainability, Digitalization, Development, Economic Development, Digital Economy, Green Economy, Economy, Finance, Republic Of Kazakhstan, Economic And Social Effects, GDP» сынды кілтті сөздермен шектеу қоя отырып алынған таңдамада Отандық авторлардың 677 ғылыми еңбектері көрсетілген.




Сурет 8 – Таңдама бойынша ҚР авторларының 2018-2023 жылдар аралығындағы құжаттар саны

Ескерту: мәліметтер Scopus базасынан алынған [29]

8 суретте соңғы 5 жылдың зерттеулер саны бойынша диаграмма келтірілген.


Суреттен байқағанымыздай, жыл өскен сайын ғылыми еңбектер саны артып келеді. Олардың ішінде 652 еңбек ағылшын тілінде, 24 еңбек орыс тілінде, 1 еңбек испан тілінде жарық көрген.



Сурет 9 – Таңдама бойынша Отандық авторлардың құжаттар саны

Ескерту: мәліметтер Scopus базасынан алынған[29]

Жоғарыда суреттен көріп отырғанымыздай, «тұрақты экономикалық даму», «жасыл экономика», «цифрлық даму» мәселелері бойынша Scopus базасында еңбектері жарияланған А.А.Киреева, Н.Оразалин, А.Болганбаев, М.Махмуд, А.Омарова, З.Т.Сатпаева, А.Тлеппаев, Б.Аймурзина, М.Каменова, Р.Досжан сынды зерттеушілерді атап өту қажет. Жазылған еңбектердің басым бөлігі ғылыми мақалалар болып табылады.



Сурет 10 – Таңдама бойынша Отандық авторлардың жарияланым дереккөздері
Ескерту: мәліметтер Scopus базасынан алынған [29]

10 суретте Отандық авторлар аталған кілт сөздер бойынша жасаған зерттеулерін жариялаған негізгі 5 дереккөз көрсетілген. Жарияланым саны бойынша ашып қарасақ, [Journal of Environmental Management And Tourism](#) - 75, [International Journal Of Energy Economics And Policy](#) - 49, [Rivista Di Studi Sulla Sostenibilita](#) - 24, [Espacios](#) - 18, [Journal Of Advanced Research In Law And Economics](#) - 18.

«Тұрақты даму» тұжырымдамасын жүзеге асыру мақсатында көтеріліп жүрген мәселелер ұай салада болмасын өзекті болып отыр. Соның ішінде банк секторының тұрақтылығын талдау жалпы экономикалық тұрақтылыққа жеткізетіндей оң нәтиже алу үшін Отандық зерттеушілердің әлемдік деңгейде қосып отырған үлесі жоғары екені анық. Алдағы уақытта қаржы нарығының, соның ішінде банк жүйесінің тұрақтылығын жан-жақты талдау өз мәнін арттыра бермек.

Қорытынды.

Қарастырылған зерттеу нәтижелері уақыт өте келе және әртүрлі санаттар бойынша тұрақты банк ұғымы бойынша әдебиеттердің эволюциясы туралы түсінік береді. Зерттеу нәтижесінде кластерлік талдау әдісімен талданып отырған тақырып бойынша әдебиеттерді маңыздылығы мен ортақтығына қарай топтастыру мүмкіндігін алдық. Талдау нәтижесі ккрсеткендей қазіргі таңда «тұрақты банк» ұғымын зерттеу бойынша еңбектер санының артып келе жатқандығын және оның жалпы экономиканың тұрақты дамуымен тығыз байланысты екенін көре аламыз. Алынған нәтижедегі интегративті құрылым бойынша кластерлердің өзара байланысын көрсете отырып, ғылыми зерттеулерді жүйелейді, яғни бұд өз кезегінде әдебиеттерді егжей-тегжейлі талдауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар бұл зерттеу нәтижесін тұрақты банк бойынша болашақта жүргізілетін әдеби шолулар үшін нұсқаулық ретінде қолдануға болады. Себебі бұл жерде қазіргі тенденциялары мен әдебиеттік шолудың кемшіл тұстарын анықтауға мүмкіндік аламыз.

Қорытындылай келе, банктер тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге мүмкіндік беретін негізгі қаржылық драйвер болғандықтан, мақалада жасалған талқылау нәтижесі «тұрақты банкті» жетілдіру бойынша зерттелу аясының өзекті екенін және осыған дейінгі еңбектерде көрсеткен қарастырылмай қалған тұстарының әлі де зерттеуді қажет ететіндігін көрсетіп берді.

Қаржыландыру туралы ақпарат.

Бұл зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасы шеңберінде орындалған (грант № ЖТН АР19674948).

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Aria M., Cuccurullo C. (2017) Bibliometrix: An R-tool for comprehensive science mapping analysis, *Journal of Informetrics*. 11(4). P. 959-975. DOI: 10.1016/j.joi.2017.08.007
- 2 Alexander K. (2014) Stability and Sustainability in Banking Reform: are Environmental Risks Missing in Basel III? Report CISI & UNEPFI, Cambridge & Geneva. P. 1-40.
- 3 Beck T., Demirgüç-Kunt A., Levine R. (2010) Financial institutions and markets across countries and over time: the updated financial development and structure database. *World Bank Econ Rev* 24 (1). P.77-92.
- 4 United Nations (2015) Addis Ababa Action Agenda of the Third International Conference on Financing for Development. UN. P.6-10.
- 5 Yip A.W., Bocken N.M. (2018) Sustainable business model archetypes for the banking industry. *J. Clean. Prod.* 174. P.150-169.
- 6 Jeucken M., 2010. Sustainable Finance and banking: The financial Sector and the Future of the Planet. Routledge. P. 213-250.
- 7 Birindelli G., Ferretti P., Intonti M., Iannuzzi A.P., 2015. On the drivers of corporate social responsibility in banks: evidence from an ethical rating model. *J. Manag. Govern.* 19 (2). P. 303-340.
- 8 San-José, L., Retolaza J.L., Gutierrez-Goiria J., 2011. Are ethical banks different? A comparative analysis using the radical affinity index. *J. Bus. Ethics* 100 (1). P. 151-173.
- 9 Bahl S., 2012. Green banking-The new strategic imperative. *Asian J. Res. Bus. Econ. Manag.* 2 (2). P. 176-185.
- 10 Bouma J.J., Jeucken M., & Klinkers L. (Eds.). (2017). Sustainable Banking: The Greening of Finance (1st ed.). Routledge. P. 337-360. <https://doi.org/10.4324/9781351282406>
- 11 Janet Talata Abor & Joshua Yindenaba Abor & Ahmad Hassan Ahmad, 2023. "Sustainable banking in developing economies," Chapters, in: Joshua Y. Abor (ed.), Sustainable and Responsible Investment in Developing Markets, chapter 12. P. 190-203. Edward Elgar Publishing. Loughborough University. doi: 10.4337/9781803927060.00021
- 12 Markus Riegler (2023) 8:5. Towards a definition of sustainable banking - a consolidated approach in the context of guidelines and strategies. *International Journal of Corporate Social Responsibility*, P.1-26. doi: 10.1186/s40991-023-00078-4
- 13 Dhanakoti Vennila (2022) Sustainable finance: the role of indian banks in achieving the sustainable development goals -2022. Towards excellence, P. 797-814. doi: 10.37867/te140467
- 14 Martin, Scott, Catino. (2022) Chapter 4 The World Bank (Group) and sustainable development. P.71-89. doi: 10.1515/9783110733488-004
- 15 Dr.G., Manoj. (2021) Sustainability in Banking Industry: A Study with Special Reference to Public Sector Banks in Chennai City. 11(4). P. 3203-3210. doi: 10.47059/REVISTAGEINTEC.V11I4.2363
- 16 Yenny Verawati., Made Kembar, Sri Budhi., Ni Putu, Wiwin Setyari., I Made, Endra Kartika, Yudha. (2024). 1. Bank Business Sustainability: Bibliometric Analysis. *Journal of Corporate Finance Management and Banking System*. P. 65-77. doi: 10.55529/jcfmbs.44.65.77
- 17 Zhu X., Yang Y. (2021) Big data analytics for improving financial performance and sustainability. *Journal of Systems Science and Information*, 9(2). P. 175-191. <https://doi.org/10.21078/JSSI-2021-175-17>
- 18 Buallay A. (2019) Is sustainability reporting (ESG) associated with performance? Evidence from the European banking sector. *Management of Environmental Quality: An International Journal*. 30(1). P. 98-115. <https://doi.org/10.1108/MEQ-12-2017-0149>
- 19 Urmila, Bharti. (2024). A study of financial sustainability in indian banking industry. *Deleted Journal*, 07(02(I)). P.157-164. doi: 10.62823/7.2(i).6625
- 20 Niamh, O'Sullivan. (2024). 5. Sustainable finance. P. 196-201. doi: 10.4337/9781800880344.ch37
- 21 Liviu Purcare., Carmen-Valentina, RĂDULESCU. (2024). 4. The Benefits of Sustainability Integration in Banking. *Proceedings of the International Conference on Business Excellence*. P.935-944. doi: 10.2478/picbe-2024-0081
- 22 Rao Y.G.P., Menezes S.J., Dhanush R. (2015). Contemplating customers and bankers outlook on green banking. *International Journal of Science Research and Technology*. 1(1) P. 75-82.
- 23 Rajesh T, Dileep A.S. (2014). Role of banks in sustainable economic development through green banking. *International Journal of Current research and academic review*. Volume 2 Number 12 (December-2014) P. 136-141.
- 24 Aracil E., Nájera-Sánchez J.-J., Forcadell F.J. Sustainable banking: A literature review and integrative framework (2021) *Finance Research Letters*, article №101932. P. 1-10. DOI:10.1016/j.frl.2021.101932
- 25 Yatsko V.A. (2012). The interpretation of Bradford's law in terms of geometric progression. *Automatic Documentation and Mathematical Linguistics*. 2012(46). P. 112–117. <https://doi.org/10.3103/S0005105512020094>.
- 26 Калиева А.Е., Бимендиева Л.А. Сыртқы ортаның құбылмалылығы шарттарында елдің азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесін зерттеу: библиометриялық талдау. *ҚазҰУ Хабаршысы*, 2023.Том 145(3). Б. 45-56 , <https://doi.org/10.26577/be.2023.v145.i3.05>

27 Kammerer K., Göster M., Reichert M., Pryss R. (2021). Ambalytics: Scalable and Distributed System Architecture Concept for Bibliometric Network Analyses. *Future Internet*. 2021, 13(8). 203 p. <https://doi.org/10.3390/fi13080203>

28 Waltman L., Eck van N.J. (2019). Field Normalization of Scientometric Indicators. *Springer Handbook of Science and Technology Indicators*. 2019. P. 281—300. https://doi.org/10.1007/978-3-030-02511-3_11

29 [Электрондық ресурс] — URL: <https://www.scopus.com/> деректер базасының талдамалық бөлімі. (қаралу уақыты: 20.09.2024)

БИБЛИОГРАФИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ БАНКОВСКОЙ СИСТЕМЫ

Аннотация.

Вопрос по устойчивому развитию банковской системы в экономике актуален с прошлых веков. В настоящее время развитие финансово-экономических отношений идет параллельно с применением инновационных технологий в банковской системе, новых форм и методов обслуживания клиентов, способов управления банком и глубоких трансформационных процессов. Теоретические и методические вопросы устойчивого развития коммерческих банков и кредитных организаций, организация внутренних структурных связей банковского менеджмента, а также определение стратегических приоритетов функционирования банков являются одними из актуальных и ведущих тем современной экономической науки.

Зарубежные и отечественные исследователи выявили различные понятия по устойчивому развитию банков и раскрыли их сущность. Соответственно, возникает необходимость понимания потока литературы из различных источников по понятию устойчивого банкинга и их классификации.

Посредством библиографического метода (R-package Bibliometrix), собранного в статье, было отобрано 577 статей в базе данных Scopus за период с 2018 по 2023 годы. Полученные результаты позволяют показать эволюцию развития и классификацию литературы по различным категориям с течением времени в устойчивом развитии банковской системы. Результат литературного обзора формирует направление и уровень исследования по устойчивому банкингу, интегративную структуру по рассмотрению. На ее основе выявляются и недостатки в исследованиях, определяя объем исследований литературы в устойчивом развитии банковской системы.

Ключевые слова: устойчивое развитие банков, R-package Bibliometrix, зеленые финансы, устойчивый банкинг, цели устойчивого развития, зеленый банкинг, библиометрический анализ.

BIBLIOGRAPHIC ANALYSIS OF THE SUSTAINABLE DEVELOPMENT OF THE BANKING SYSTEM

Abstract.

The issue of sustainable development of the banking system in the economy has been relevant for centuries. At present, the development of financial and economic relations goes hand in hand with the application of innovative technologies in the banking system, new forms and methods of customer service, ways of bank management and deep transformation processes. Theoretical and methodological issues of sustainable development of commercial banks and credit institutions, the organisation of internal structural relations of bank management, as well as the definition of strategic priorities for the functioning of banks are among the relevant and leading topics of modern economics. Foreign and domestic researchers have identified various concepts of sustainable development of banks and revealed their essence. Accordingly, it is necessary to understand and classify the flow of literature in various sources on the concept of sustainable banking.

The literature collected in the article was selected using the bibliographic method (R-package Bibliometrix) from 577 articles in the Scopus database for the period from 2018 to 2023. The results obtained make it possible to reflect the evolution of the development of literature in the field of sustainable development of the banking system with the flow of time and the classification in different categories. The results of the literature review form the direction and level of research on sustainable banking, an integrative structure for consideration. On this basis, the literature on sustainable development of the banking system determines the scope of research and also identifies shortcomings in research.

Key words: sustainable banking development, R-package Bibliometrix, green finance, sustainable banking, sustainable development goals, green banking, bibliometric analysis.

REFERENCES

- 1 Aria M., Cuccurullo C. (2017). Bibliometrix: An R-tool for comprehensive science mapping analysis, *Journal of Informetrics*. 11(4). P. 959-975. DOI: 10.1016/j.joi.2017.08.007. [in English]
- 2 Alexander K. (2014) Stability and Sustainability in Banking Reform: are Environmental Risks Missing in Basel III? Report CISI & UNEPFI, Cambridge & Geneva. P. 1-40. [in English]
- 3 Beck T., Demirgüç-Kunt A., Levine R. (2010) Financial institutions and markets across countries and over time: the updated financial development and structure database. *World Bank Econ Rev* 24 (1). P.77-92. [in English]
- 4 United Nations. (2015) Addis Ababa Action Agenda of the Third International Conference on Financing for Development. UN. P.6-10. [in English]
- 5 Yip A.W., Bocken N.M. (2018) Sustainable business model archetypes for the banking industry. *J. Clean. Prod.* 174. P.150-169. [in English]
- 6 Jeucken M., (2010). Sustainable Finance and banking: The financial Sector and the Future of the Planet. Routledge. P. 213-250. [in English]
- 7 Birindelli G., Ferretti P., Intonti M., Iannuzzi A.P. (2015) On the drivers of corporate social responsibility in banks: evidence from an ethical rating model. *J. Manag. Govern.* 19 (2). P. 303-340. [in English]
- 8 San-Jos'e, L., Retolaza J.L., Gutierrez-Goiria J., (2011). Are ethical banks different? A comparative analysis using the radical affinity index. *J. Bus. Ethics* 100 (1). P. 151-173. [in English]
- 9 Bahl S., (2012). Green banking-The new strategic imperative. *Asian J. Res. Bus. Econ. Manag.* 2 (2). P. 176-185. [in English]
- 10 Bouma J.J., Jeucken M., & Klinkers L. (Eds.). (2017). Sustainable Banking: The Greening of Finance (1st ed.). Routledge. P.337-360. <https://doi.org/10.4324/9781351282406> [in English]
- 11 Janet Talata Abor & Joshua Yindenaba Abor & Ahmad Hassan Ahmad, (2023). "Sustainable banking in developing economies," Chapters, in: Joshua Y. Abor (ed.), Sustainable and Responsible Investment in Developing Markets, chapter 12. P. 190-203, Edward Elgar Publishing. Loughborough University. doi: 10.4337/9781803927060.00021 [in English]
- 12 Markus Riegler. (2023) 8:5. Towards a definition of sustainable banking - a consolidated approach in the context of guidelines and strategies. *International Journal of Corporate Social Responsibility*. P.1-26. doi: 10.1186/s40991-023-00078-4 [in English]
- 13 Dhanakoti Vennila. (2022). Sustainable finance: the role of indian banks in achieving the sustainable development goals -2022. Towards excellence, P. 797-814. doi: 10.37867/te140467 [in English]
- 14 Martin, Scott, Catino. (2022). Chapter 4 The World Bank (Group) and sustainable development. P.71-89. doi: 10.1515/9783110733488-004 [in English]
- 15 Dr.G., Manoj. (2021) Sustainability in Banking Industry: A Study with Special Reference to Public Sector Banks in Chennai City. 11(4). P. 3203-3210. doi: 10.47059/REVISTAGEINTEC.V11I4.2363 [in English]
- 16 Yenny Verawati., Made Kembar, Sri Budhi., Ni Putu, Wiwin Setyari., I Made, Endra Kartika, Yudha. (2024). 1. Bank Business Sustainability: Bibliometric Analysis. *Journal of Corporate Finance Management and Banking System*. P. 65-77. doi: 10.55529/jcfmbs.44.65.77 [in English]
- 17 Zhu X., Yang Y. (2021) Big data analytics for improving financial performance and sustainability. *Journal of Systems Science and Information*, 9(2). P. 175-191. <https://doi.org/10.21078/JSSI-2021-175-17> [in English]
- 18 Buallay A. (2019) Is sustainability reporting (ESG) associated with performance? Evidence from the European banking sector. *Management of Environmental Quality: An International Journal*, 30(1), P. 98-115. <https://doi.org/10.1108/MEQ-12-2017-0149> [in English]
- 19 Urmila, Bharti. (2024) A study of financial sustainability in indian banking industry. Deleted Journal, 07(02(I)). P. 157-164. doi: 10.62823/7.2(i).6625 [in English]
- 20 Niamh, O'Sullivan. (2024). 5. Sustainable finance. P. 196-201. doi: 10.4337/9781800880344.ch37 [in English]
- 21 Liviu Purcarea., Carmen-Valentina, RĂDULESCU. (2024) 4. The Benefits of Sustainability Integration in Banking. *Proceedings of the International Conference on Business Excellence*. P. 935-944. doi: 10.2478/picbe-2024-0081[in English]
- 22 Rao Y.G.P., Menezes S.J., Dhanush R. (2015) Contemplating customers and bankers outlook on green banking. *International Journal of Science Research and Technology*. 1(1). P. 75-82. [in English]
- 23 Rajesh T, Dileep A.S. (2014) Role of banks in sustainable economic development through green banking. *International Journal of Current research and academic review*. Volume 2 Number 12 (December-2014) P. 136-141. [in English]
- 24 Aracil E., Nájera-Sánchez J.-J., Forcadell F.J. Sustainable banking: A literature review and integrative framework (2021) *Finance Research Letters*, article №101932, P. 1-10. DOI:10.1016/j.frl.2021.101932 [in English]
- 25 Yatsko V.A. (2012) The interpretation of Bradford's law in terms of geometric progression. *Automatic Documentation and Mathematical Linguistics*. 2012(46), P. 112–117. <https://doi.org/10.3103/S0005105512020094>. [in English]

26 Kalieva A.E., Bimendieva L.A. Syrtqy ortanyñ qūbylmalylyǵy şarttarynda eldiñ azyq-tūlǵıttıq qaupırsızdıǵın qamtamasyz etu мәselesin zertteu: bibliometrialyq taldau. [External environment ensuring food security of the country in conditions of volatility the study of the problem: bibliometric analysis]. QazŪU Habarşysy, 2023. Tom 145(3). P. 45-56 <https://doi.org/10.26577/be.2023.v145.i3.05> [in Kazakh]

27 Kammerer K., Göster M., Reichert M., Pryss R. (2021). Ambalytics: Scalable and Distributed System Architecture Concept for Bibliometric Network Analyses. Future Internet. 2021. 13(8). 203 p. <https://doi.org/10.3390/fi13080203> [in English]

28 Waltman L., Eck van N.J. (2019) Field Normalization of Scientometric Indicators. Springer Handbook of Science and Technology Indicators. 2019. P. 281-300. https://doi.org/10.1007/978-3-030-02511-3_11 [in English]

29 Available at: — URL: <https://www.scopus.com/> derekter bazasynyñ taldamalyq bölımı [Analytical section of the database] [in Kazakh] (accessed:20.09.2024)

Information about authors:

Raigul Doszhan – PhD, associate professor of the department of «Finance and Accounting», Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Republic of Kazakhstan

E-mail: rdd2011@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-7480-3568>

Tolkyn Zhumadilova – **corresponding author**, PhD student of the department of «Finance and Accounting», Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Republic of Kazakhstan

E-mail: zhumadilova_tolkyn@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0903-4819>

Laura Kuanova – PhD, acting associate professor of the department of «Finance and Accounting», Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Republic of Kazakhstan

E-mail: kuanova.laura@kaznu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7354-4506>

Информация об авторах:

Райгүл Досжан – PhD, ассоциированный профессор, кафедра «Финансы и учет», Казахский национальный университет им.Аль-Фараби, г. Алматы, Республика Казахстан

E-mail: rdd2011@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-7480-3568>

Толкын Жумадилова – **основной автор**, PhD докторант, кафедра «Финансы и учет», Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, г. Алматы, Республика Казахстан

E-mail: zhumadilova_tolkyn@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0903-4819>

Лаура Куанова – PhD, и.о. доцента, кафедра «Финансы и учет», Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, г. Алматы, Республика Казахстан

E-mail: kuanova.laura@kaznu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7354-4506>

Авторлар туралы ақпарат:

Райгүл Досжан – PhD, «Қаржы және есеп» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: rdd2011@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-7480-3568>

Толкын Жумадилова – **негізгі автор**, «Қаржы және есеп» кафедрасының PhD докторанты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: zhumadilova_tolkyn@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0903-4819>

Лаура Куанова – PhD, «Қаржы және есеп» кафедрасының доцент м.а., Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: kuanova.laura@kaznu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7354-4506>